

**Павлодар облысының білім беру басқармасы,  
Павлодар қаласы білім беру бөлімінің  
«Павлодар қаласының №31 сәбилер бақшасы»  
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны**

**№ 7 жоспардан тыс педагогикалық кеңестің  
ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ**

26.05.2023 жылғы

Қатысқандар: 18:

Қатыспағандар:0

**Тақырыбы:** «Павлодар қаласының №31 бөбекжай-бақшасы "КМҚК өзін-өзі бағалау қорытындысын шығару

**Мақсаты:** № 31сәбилер бақшасының білім беру ұйымы қызметінің тиімділігін өзін – өзі бағалауды қорытындылау.

1. «Павлодар қаласының № 31сәбилер бақшасы» КМҚК өзін-өзі бағалау қорытындысын шығару.
2. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссия мүшелерінің есебі.
3. Педагогикалық кеңестің қорытындылары мен шешімі.

**Педагогикалық кеңестің барысы:**

**Бірінші мәселе бойынша** сәбилер бақшасының жетекшісі Золотыхты Т.Л. тыңдадық. Ол педагогикалық ұжымды 2020-2023 жылдар кезеңіндегі қызметтің барлық бағыттары бойынша сәбилер бақшасының өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстырды. Білім беру ұйымының өзін - өзі бағалауы бойынша барлық материалдар бөбекжайдың ресми сайтында орналастырылады.

**Шешім:**

2020-2023 жылдар кезеңіндегі қызметтің барлық бағыттары бойынша сәбилер бақшасының өзін-өзі бағалау жөніндегі материалдарды ресми сайтта 2023 жылғы 01 маусымнан кешіктірмей орналастыру.

**Екінші мәселе бойынша** сәбилер бақшасының өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша комиссия мүшелерінің есептері тыңдалды:

Әдіскер Н.М. Дүйсембаева кадрлық әлеуетті талдау нәтижелері туралы есеппен таныстырды: педагогтар өздерінің кәсіби жетістіктерін көрсете отырып, біліктілік деңгейін сәтті арттырып, растайды, педагог-зерттеушілер мен педагог-модераторлардың ұлғаю динамикасы байқалады. Есепті кезеңде



курстық қайта даярлаудан өтіп, педагогтердің 100% -ы өздерінің педагогикалық шеберліктерін арттырды.

Ұйымдастырылған қызметтің барлық құжаттары жүйелендіріліп, 2020-2023 жылдар аралығында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының орындалуы туралы, инклюзивті білім беруді ұйымдастыру және негізгі білім беру бағдарламасы бар балаларды сүйемелдеу туралы оқу жылдары бойынша талдамалық есеп жасалды, аттестаттау кезеңінде негізгі білім беру бағдарламасы бар балалардың балабақшада болмағанына назар аударылды.

Оқушылардың жетістіктері мониторингінің цифрлық көрсеткіштері бар талдамалық анықтаманы тыңдадық.

Сондай - ақ, балабақшада оқушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып құрылған қажетті пәндік – кеңістіктік даму ортасы бар, жеткілікті оқу-материалдық базасы бар екенін атап өтті.

Бухгалтер Д.К. Сағитова, экономист Т. С. Қашаубаевамен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз етілуі туралы мәліметтерді және мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтерді (материалдар қоса беріледі) ұсынды.

Медбике Джамаева Л.Қ. - бағаланатын кезеңде балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптар сақталды. Барлық жас топтарындағы жиһаздарды таңдау оқушылардың антропометриялық мәліметтеріне сәйкес жүреді. МДҰ-да болған уақытта тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жүйелі бақылау жүргізіледі.

**Үшінші мәселе бойынша** балабақшасының жетекшісі Т.Л. Золотых тыңдалды. Ол қорытындылап, педагогикалық кеңестің шешім жобасын талқылауға шығарды.

### **Жоспардан тыс педагогикалық кеңестің №7 шешімі:**

1. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау жұмысын қанағаттанарлық деп тану.

2. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша қорытындыны толық көлемде қабылдау.

3. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалауы бойынша барлық материалдар 2023 жылдың 01 маусымынан кешіктірілмейтін мерзімде балабақшаның ресми сайтына қойылсын.

**Төрайымы**

**Сәбилер бақшасының басшысы:**

*Золотых Т.Л.*

**Золотых Т.Л.**

**Хатшы:**

*Афанасьева К.В.*

**Афанасьева К.В.**